

Қ.А.Сарбасова, Ж.Е.Алшынбаева

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана
(E-mail: Zhuldyz_eldosovna@mail.ru)*

Техникалық және кәсіптік білім берудің инновациялық жүйесін құрудың әдіснамалық негіздері

Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалаудың және модернизациялау процесіне байланысты өзекті мәселелер қарастырылған. Авторлар Қазақстан экономикасының индустриялық-инновациялық даму, техникалық және кәсіптік оқыту мамандарын даярлауда жаңа сапалы оқытудың талаптарына байланысты сұрақтарды талдады. Кәсіптік оқытуды ұйымдастырумен тиімді модельдеуді қамтамасыз етудің бастапқы жағдайы анықталды және қалыптастырылды. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес білім беру және кәсіби біліктілікті интеграциялау — негізгі мақсатына жету үшін кәсіптік оқытудың нақты инновациялық жолдарының тиімділігі жоғары екендігі дәлелденді.

Кілт сөздер: техникалық және кәсіптік білім беру, білім парадигмасы, кәсіби құзыреттілік, инновация, дуалды оқыту жүйесі, білім беру жүйесі, кәсіптік оқыту, модель.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» жаңа бағытын ескере отырып, Үкіметке «2013 ж. бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді тапсырамын. Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді», — деп атап көрсетті [1].

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты — еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты — қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекетіміздің тек саясат пен экономика емес, білім беру жүйесіне де үнемі назар аударуы еліміздің болашағы жайындағы кемел ойлардан туындап отырғаны түсінікті. Қай қоғамда болмасын шешуші фактор адам және жеке тұлға болып қала бермек.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуде жасаған қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Білім берудегі жаңашылдықтар — ізгіліктік педагогика, студенттердің тұлғалық әлеуетін анықтау және дамыту, әлеуметтік үдерістер мен тұлғааралық қарым-қатынастарды ұйымдастырудың ерекше формасы ретінде танылатын оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру болып отыр.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен, маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда.

Осыған орай, болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан тыс қалмай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның басты талабы [2].

Техникалық және кәсіптік білім беруде оқу орындары мен әлеуметтік серіктестіктердің байланысының жақсарғандығын осы секілді игі бастамалардан аңғаруға болады.

Техникалық және кәсіптік білім беруге қазіргі таңда ел көлемінде айрықша мән беріліп отыр. Кәсіптік-техникалық білімнің бәсекеге лайық ілгерілеп дамуы мемлекет, бизнес құрылымдарының және азаматтардың әлеуметтік жағдайына орасан серпін берері сөзсіз. Елдің экономикалық қуаты да осы аталып отырған сала мамандарына тәуелді екені ақиқат. Жалпы бұл сала мамандарына біздің өңірімізде де сұраныс жоғары. Үкіметтің арнайы қаулысымен бекітілген тұжырымдамасында жастардың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін отандық кәсіптік білім алуына жағдай жасау, жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру деңгейін арттыру мәселелері де қарастырылған. Ал оны іске асыру ортақ мүдде болғандықтан, сала мамандарының әріптестік жұмысы оң нәтижелерге қолжеткізетіні анық.

Кәсіптік білім жастарымыздың мамандық таңдауы үшін қажетті өрісті қамтамасыз етуге, ал ересектер үшін олардың жаңа жоспарлы іспен айналысуына, кәсіби шеберлігін жетілдіруіне бейімделген. Осының негізінде қазіргі жастардың кәсіптік білімге деген қызығушылықтарының арта бастағанын байқауға болады.

Теориялық білім тәжірибемен ұштасқанда ғана маман кәсібіне төселіп, көш ілгері жұмыс атқаруға қабілеті артады. Осыған байланысты, өндірістік тәжірибеге тарту жұмысына да елеулі көңіл бөлініп отырғанын байқаймыз. Қазіргі таңда жұмыс берушілер кадрларды мақсатты даярлауға көптеген қаражат бөліп отыр.

Бұл негізде техникалық және кәсіптік білім берудің инновациялық жүйесіне білім жүйесін жаңғырту аясында дуальды кәсіби білім беруді дамыту, жұмысшы кадрларының зәрулігін еңсеру үшін қолданбалы мамандықтардың заманауи орталықтарын құру міндеттері қойылды. Дуальды жүйенің негізі оқу орны мен өндірісте қатар оқыту болып табылады. Бұл кәсіптік-техникалық білім берудегі басты проблема — оқу орнындағы теория мен заманауи өндіріс практикасы арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Дуальды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы принципі жүзеге асырылады, мұның өзі болашақ маманға кәсіпорында жұмыс істеу кезінде қажетті біліктілікке ие болуға көмектеседі. Мұндай оқыту өндірістің нақты сұраныстарына барынша жақындатады да жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады. Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру, яғни, жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасында алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету — бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі.

Дуальды оқыту жүйесі дегеніміз — теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Ол алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуальды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуальды оқыту жүйесі қазіргі дүниежүзілік тәжірибеде бар дүние. Оған мысал ретінде Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуальды жүйесін алуға болады. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Дуальды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты — техникалық-кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау.

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуальды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып отыр. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына

барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі таңда білім берудің дуальды жүйесі деген атпен белгілі [3].

Дуальды оқыту жүйесі — теориямен қоса практиканы пайдалану деген сөз. Түлектер теориялық жағынан емес, практикалық жағынан да сауатты болмақ.

Қазақстанның әлеуметті-экономикалық даму мақсатын жүзеге асыруда кәсіптік білім беретін оқу орындарында бәсекелестікке қабілеті бар болашақ мамандарға әр түрлі өндірістік салаларға даярлау деңгейі білім беру жағдайларымен анықталады. Қазіргі кезде жан-жақты маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өздік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді. Себебі әлеуметтік сала экономикасын дамытудың болашақ мамандардан төмендегідей шарттардың орындалуын талап етеді:

- жүйелі ойлауды;
- құқықтық ақпараттық мәдениетті;
- кәсіпкерлік мәдениетті;
- өзін-өзі тануды;
- басқаларға ұсынуды;
- өз қызметін білімді талдауды;
- жаңа білімді;
- нанотехнологияларды меңгеруді;
- кейбір өндірістік жағдайларда өз бетімен дұрыс шешім қабылдауды;
- бәсекелестікті және өмір талаптарына сай қызмет етуді;
- әр іске жауапкершілікпен қарауды;
- нәтижеге бағытталған істерді жасауды.

Білім ордасында студенттер арнайы пәннің өздеріне керек және маңызды екенін сезінуі қажет. Мамандықтар бойынша арнайы пәндер арқылы білім беру мемлекеттік білім стандарттары негізінде құрылған типтік жұмыстар бағдарламалары, оның негізінде дайындалған оқу, жұмыс бағдарламалары, тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар, оқу-әдістемелік кешендер, электрондық оқулықтар, жаңа ақпараттық технологиялар, тірек-сызба, сын тұрғысынан ойлау, рефлексия әдістері қолданылады. Бұлардың барлығы маман моделінің нарықтық экономикада қажеттілігін туғызуға бағыттауды негіздейді. Себебі соңғы кезде білім саласында біліктілік моделінің құзыреттілік моделіне ауытқуы көп қарастырылып келе жатқан мәселе, яғни жұмыс берушіні көбіне біліктілік емес, құқық, ақпарат, әлеуметтік сала жағынан құзыретті мамандар қызықтырады. Осыған орай біліктілікке қосымша құзыреттілік бірге жүрген жағдайда маман моделі жүйелі әрі сапалы болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызы зор. Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет», — деді [4]. Мемлекет басшысы колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеді. Қазақстан Халқы Ассамблеясының XIX-шы сессиясында «Самұрық-Қазына» қорына арқаулық кәсіпорындар тізімін белгілеп, дуальды модельді бірте-бірте енгізудің жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын.

Дуальды жүйенің негізі — оқушыны оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Дуальды оқыту әдісі әлемнің көптеген елдерінде, мысалы, Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция, Англия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған мемлекеттерде табысты жұмыс істеуде.

Бастысы, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары деңгейде болатындығында. Бір сөзбен айтқанда, дуальды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды.

Дуальды оқыту әдісінің келесі бір ерекшелігі — еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға тек білім мекемелерінің ғана емес, сонымен қоса жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады.

Дуальды оқыту жүйесіндегі ерекшеліктердің бірі оқу орындары өздеріне әлеуметтік серіктес табуы керек. Яғни оқушылар тәжірибе сабақтарын өткізуі үшін өздерінде даярланатын мамандықтарға сәйкес келетін кәсіпорындармен келісім-шартқа отыруы тиіс.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, білім берудің дуальды оқыту жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп-қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейтіндігі жайлы мәселелер өз шешімін табады.

Іс жүзінде дуальды оқыту үлгісі бизнестің, болашақ маман мен мемлекеттің мүдделерінің бірлестігі болып саналады.

Дуальды жүйе оған қатысып тұрған барлық жақтардың, яғни кәсіпорынның, жұмыскерлердің, мемлекеттің, талабына жауап бере алады. Кәсіпорын үшін — бұл өзіне кадр дайындау, жұмыскерлерді іздеп табуға, оларды қайта даярлауға және бейімдетуге кететін шығындары азайтуға мүмкіндік беретін оң жақтары да бар. Жастар үшін дуальды жүйе ерте кезден бастап дербестік алуға және ересек өмірге оңайырақ бейімделуге болатындай зор мүмкіндік береді. Оқу барысында олар өз еңбектері үшін мекемеде ақшалай сыйақы, ал оны бітірген соң жақсы дайындалған жұмысқа ие болады. Германияда мектептен кейін шамамен жастардың жартысы дуальды жүйе арқасында мемлекетпен ресми түрде мойындалған 350 мамандық ішінен бір мамандық иесі бола алады. Кәсіпке үйрену көптеген елдерге тән таза мектептегі кәсіптік оқытудан айырмашылығы бар. Мекемеде аптасына 3–4 күн практикалық сабақ болса, ал кәсіптік мектепте мамандық теориясы аптасына 1–2 күн оқытылады. Оқытудың мерзімі — 2 жылдан бастап 3,5 жылға дейін. Оқушылар орнының 80 %-ын орта және кіші фирмалар береді. Дуальды жүйе болуының арқасында Германияда кәсібі жоқ жас адамдардың біршама үлесі салыстырмалы түрде аз: барлығы 15–19 жас арасында — 4,2 %. Германиядағы жұмыссыздық мәселесі болса, онда орта есеппен жұмыссыз саны — 7,8 %. Егер 25 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық мәселесі туралы айтсақ, онда Германияда ол — 7 %, Грецияда — 45, Испанияда — 43, Словакияда — 33, Францияда — 30 %. Осылайша, сандар неміс дуальды жүйесінің артықшылығын айқын көрсетіп тұр. Теория мен практиканың үйлесімі жоғары мамандырылған жұмыскерлер мен қолөнершілердің бар болуына кепілдік берген [5].

Кәсіптік оқыту — бұл әрі қарай білім алу кезінде ұста, яғни шебер, болуға мүмкіндік беретін мансаптың басы. Дуальды білім берудің талассыз артықшылығына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Біріншіден, жұмыс берушінің талабына толығымен сай келгені үшін жас түлектерді жұмыспен қамсыздандырудың үлкен пайызы пайда болады. Білім беру өндірістің сұранысына максималды түрде жақындатылған.

- Екіншіден, білім алудың жоғарғы талпынысы пайда болады. Болашақ жұмыскердің жаңа психологиясы құрылады. Студенттер, алдымен, кәсіпорында, мүмкін, жұмыскер ретінде көрініп, басқаша, сезініп және қызығып оқиды. Оқу ақпаратының пассивті тұтынышысының позициясы өндірісте шешім қабылдайтын және олар үшін жауапты болатын маманның ынталы позициясымен ауысады. Студент ұжымдағы өндірістік қарым-қатынасқа ерте бейімделеді, әлеуметтік іс-әрекетке үйренеді.

- Үшіншіден, «практикадан теорияға» ұстанымы іске асады, студент енді текстпен және белгі жүйесімен жұмыс істемейді, ол өндірістік жағдайлармен жұмыс істейді. Қиын теорияларды практика және нағыз кәсіби мәселені шешу арқылы меңгеру оңайырақ.

- Төртіншіден, мамандарды даярлау сапасын бағалау жұмыс берушілердің өздерімен іске асады. Алғашқы күннен бастап оқушы уақыттың көп бөлігін жұмыс орнында өткізеді, өзінің дағдысын және талпынысын көрсетеді. Жұмыс берушілер өндірістік жағдайларда болашақ мамандардың дайындық деңгейін бағалай алу мүмкіндігіне ие бола алады.

- Бесіншіден, ұстаздар тек жақсы теориялық білім иегері емес, сонымен қатар өндірістегі барлық жаңалықтарды меңгеру қажет.

- Алтыншыдан, бюджетке жүктеме азаяды. Кәсіптік оқыту бойынша шығындардың бөлігін мекеме өзіне алады [6].

Әлемдік тәжірибеден алынған оқыту жүйесінің тиімді жақтарының көп екендігін байқауымызға болады. Оған басты себеп, ел экономикасын көтеруде техникалық мамандықтағы жоғары инновациялық технологияны меңгерген мамандар азшылық етуде, сондай-ақ қоғамдағы жұмыссыздық мәселесінің шешуде де алар орны ерекше. Білімді де, білікті маман қалыптастыру талабы білім берудің мазмұнын өзгертуді, білімді тасымалдау негізінде беруді емес, білім алу жолдарын игертудің маңыздылығын алға тартып отыр. Яғни, әр адам қоғамнан өз орнын бағдарлай алуы, өзіне қажетті білім алатын ортаны, білім мазмұны мен қажет пәндерді таңдай білуі тиіс.

Осы негізде, оқытудың сипаты да өзгеріп, оның негізінен білім алушылардың өздерін ұйымдастыруға бағыттау қажеттігі туындайды.

Жастардың табысты еңбек етуі төмендегі факторлармен тығыз байланысты: біріншіден, қазіргі таңдағы білім алу көзі кеңейіп, өз бетімен білім алушыларға мол мүмкіндік туып отыр; екіншіден, білім әлемінде өз жолын тауып, өздігінен білім алуға ұмтылыс жасау; үшіншіден, адамның өзіндік

қызығушылығы, түрлі мотивтері болуы; төртіншіден, жұмыс істейтін орында оның үнемі даму үстінде болуына жағдай жасалуы мен шет елдермен тәжірибе алмасу.

Қорыта айтқанда, Н.Ә. Назарбаев: «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Бүгін мен жариялаған жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды, көздейді. Мен сіздерге — жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер... Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің — елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын күдіретті күш» [1], — деп жастарға зор үміт артып, қазіргі замандағы білім алудағы басты мақсат қандай дегенге тоқталар болсақ: жастардың өз елінің нағыз патриоты бола отырып, өз елінің дамып, әлемдік елдер арасында өз орнын айқындайтындай мемлекетке айналуына септілігін тигізетін, техникалық және кәсіптік білім берудің инновациялық жүйесін құруды меңгерген, қоғамға адал қызмет ететін тұлға болып қалыптасу.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан. — 2012. — № 106 (28143). — 14 желт. — 6, 7-б.
- 2 Азальдов Г.Г., Костин А.В. Интеллектуальная собственность, инновации и квалиметрия // Экономические стратегии. — 2008. — № 2 (60). — С. 162–164.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Алматы, 2010. — 52–54-б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. — 2012. — № 97 (28456). — 10 шілде. — 6, 7-б.
- 5 Базылқызы Г. Әлемдік тәжірибе: дуальды оқыту әдісі. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://i-news.kz/news/2013/02/21/6895375.html>. 06.03.2013. — 4, 5-б.
- 6 Унайбаев Б.Ж. Дуальная модель профессионально-технического образования. — [ЭР]. Режим доступа: <http://forum.eitiedu.kz/index.php/2012/01/04/dualnaya-model-p-t-obrazovaniya/>. 10.03.2013. — С. 5, 6.

К.А.Сарбасова, Ж.Е.Алшынбаева

Методологические основы создания инновационной системы технического и профессионального образования

В статье рассматриваются актуальные вопросы, связанные с процессом реформирования и модернизации системы технического и профессионального образования. Авторами проанализированы вопросы индустриально-инновационного развития казахстанской экономики, которые предъявляют качественно новые требования к подготовке специалистов технического и профессионального образования. Выявлены и сформулированы исходные положения, обеспечивающие эффективное моделирование и организацию профессионального обучения. Доказана высокая эффективность именно инновационного пути профессионального обучения с позиции достижения основной цели — интегрирования образования и профессиональных квалификаций с потребностями рынка труда.

K.A.Sarbassova, Zh.E.Alshynbayeva

The methodological fundamentals of creation of innovative system of technical and vocational education

The relevance of the issue have related to the process of reform and modernization of technical and vocational education. The Industrial and innovative development of economy of Kazakhstan makes y new requirements to training of specialists of technical and vocational education. The problem of this research is development of methodological fundamentals of creation of innovative system of technical and vocational education. The present paper aimed to identify and formulate principles to ensure effective modeling and organization of vocational training. High efficiency is an innovative way of vocational training from the standpoint of achieving the main goal — the integration of education professional qualifications with the requirements of the labor market.

References

- 1 Nazarbayev N.A. *Kazakhstanskaya pravda*, 2012, 106 (28143), December, 14, p. 6, 7.
- 2 Azgaldov G.G., Kostin A.V. *The economic strategy*, 2008, 2 (60), p. 162–164.
- 3 *Development Educational State program of the Republic of Kazakhstan for the years 2011–2020*, Almaty, 2010, p. 52–54.
- 4 Nazarbayev N.A. *Kazakhstanskaya pravda*, 2012, July 10, 97 (28456), p. 6, 7.
- 5 Bazylkyzy G. *World experience: dual training method*, [ER]. Access mode: <http://i-news.kz/news/2013/02/21/6895375.html>. 06.03.2013, p. 4, 5.
- 6 Wnaybaev B.Zh. *Dual model of professional-technical education*, [ER]. Access mode: <http://forum.eitiedu.kz/index.php/2012/01/04/dualnaya-model-pt-obrazovaniya/> 10.03.2013, p. 5, 6.

Репозиторий Қарғу